

Адвокат куәлігі үлгісінің нысанын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 164 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 11 мамырда № 6950 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 1439 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған адвокат куәлігінің үлгісінің нысаны бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру жөнінде шаралар қабылдануын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары Ә.Т. Аманбаевқа және Қазақстан Республикасы Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасы М.И. Сексембаевқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр Р. Түсіпбеков

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2011 жылғы 27 сәуірдегі
№ 164 бұйрығымен
бекітілген

Нысан

Адвокат куәлігі

Адвокат куәлігінің мұқабасы
(көлемі 65x190 мм, түсі көгілдір)

Куәлік бланкісінің 1-парағы

(мұқабаның ішкі бетінің сол жағына желімденеді)

Сол жақ (мемлекеттік тілде) Оң жақ (на русском языке)

Облыстық (қалалық) адвокаттар алқасының атауы _____	Наименование областной (городской) коллегии адвокатов _____
№ _____ куәлік -----	Удостоверение № _____
3x4 см _____	_____
фотосуретке (Тегі)	(фамилия)
арналған _____	_____ (имя, отчество)
орын (аты, әкесінің аты)	АДВОКАТ
М.О АДВОКАТ	Государственная лицензия № _____
20__ жылдың " __ " _____ дейін жарамды.	_____
_____	Выдана _____
(адвокаттар алқаларының Төралқа төрағасының Т.А.Ә. және қолы)	

Ескертпе:

Адвокат куәлігінің сипаттамасы

Адвокат куәлігі ресми құжат болып табылады.

Куәліктің мұқабасы бейнеленген және баспа қарпімен: "Адвокат куәлігі" деген жазумен көгілдір түсті табиғи немесе жасанды былғарыдан жасалады және жазудың үстінде адвокаттардың эмблемасы орналасқан. Куәліктің ашық күйіндегі көлемі 65x190 мм.

Куәліктің жапсырмаларының көлемі 62x88 мм, куәліктің жоғарғы бөлігінде жоғарғы жиегінен 9 мм қашықтықта шектерінде: "Қазақстан Республикасы" деген жазуы және ұлттық өрнегі бар қорғаныш жолағы (микрошрифт) болады. Жапсырманың сол жағындағы бұрышында фотосуретке арналған орын бар. Жапсырманың ортасында адвокаттардың эмблемасы орналасқан. Жапсырманың оң жағындағы ортасында адвокаттардың эмблемасы орналасқан.

Куәліктің ішкі сол және оң жақтарында қорғаныс жолағына жоғарыда баспа шрифтпен қазақ және орыс тілдерінде қызыл бояумен облыстық (қалалық) адвокаттар алқасының атауы теріледі. Қорғаныш жолақтан төменде қара шрифтпен куәліктің нөмірі, оның иесінің тегі, аты, әкесінің аты, ал астында "Адвокат" деген мәтін жазылады. Ішкі сол жағындағы төменгі шетінде куәліктің қолданылу мерзімі, ал төменде Төралқа төрағасының тегі, аты-жөні және қолы тұрады. Ішкі сол жағындағы төменгі шетінде адвокаттық қызметпен айналысу

құқығына мемлекеттік лицензиясының нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Куәліктің ішкі сол жағында ақ түсті бұрышсыз, түрлі-түсті көлемі 30х40 мм фотосурет жапсырылады.

Куәлікке қойылған қолдан кейін фотосуреттің оң жағындағы төменгі бұрышында мөрдің бедері басылады. Куәліктің дайындалған сол және оң жапсырмалары мөлдір қорғаныш үлдіріне бастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК